**Кандидаттардың дене даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру тәртібі туралы АҚПАРАТ**

***ҚЫМБАТТЫ КАНДИДАТТАР!***

Сіздерге конкурстық іріктеудің үшінші кезеңі - дене даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру қажет.

Дене даярлығы бойынша нормативтер келесі нормативтерге сәйес қабылданады:

***Дене даярлығы бойынша студент-жігіттер үшін нормативтер**

| № р/н | Бақылау жаттығулары | Баға | | |
|---|---|---|---|---|
| | | «5» | «4» | «3» |
| 1. | 100 м (с) жүгіру | 14,2 | 14,5 | 15,0 |
| 2. | 3000 м (мин) жүгіру | 13,00 | 15,00 | 16,00 |
| 3. | Биік белдемеге тартылу (саны) | 12 | 10 | 8 |

***Дене даярлығы бойынша студент-қыздар үшін нормативтер**

| № р/н | Бақылау жаттығулары | Баға | | |
|---|---|---|---|---|
| | | «5» | «4» | «3» |
| 1. | 100 м (с) жүгіру | 16,0 | 16,5 | 17,0 |
| 2. | 2000 м (мин) жүгіру | 10,00 | 11,3 | 12,2 |
| 3. | Арқада жатып, қолы басының артында жағдайынан денесін көтеру (саны) | 25 | 20 | 15 |

**Ескерту:** Жалпы балл санын есептегенде «қанағаттанарлықсыз» бағасы нөль балл болып есептеледі.

Дене даярлығы бойынша әрбір норматив жекеше бағаланады. Дене даярлығы бойынша жалпы балл үш жаттығу бойынша бағаны есептеумен шығарылады. Жалпы балл санын есептегенде «қанағаттанарлықсыз» бағасы нөль балл болып есептеледі.

Кандидат конкурстық іріктеуге әрі қарай қатысуы үшін дене даярлығы бойынша кемінде **8** балдан кем емес жалпы балл алуы тиіс.

Кезеңнің нәтижелері кандидаттарға, оның аяқталуы бойынша жеткізіледі.

Дене даярлығы бойынша нормативтерді қайта тапсыруға **РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ,** сол себепті келесі нұсқаулықтарды сақтауыңызды сұраймыз:

1. Емтихан қабылдаушының түсіндірулерін, нормативтер бойынша бағалық көрсеткіштерді, қауіпсіздік шараларын мұқият тыңдаңыздар.
2. Егерде Сіздің нормативтерді тапсыру кезінде денсаулығыңыз нашар болса, емтихан қабылдаушыға бұл туралы айтыңыз.
3. Өзіңізге ыңғайлы спорттық киім үлгісін таңдаңыз.
4. Нормативтерді тапсыру алдында спорттық серпілу жасаңыз.
5. Қорытындылармен танысқаннан кейін, Сіздің ведомостьке қол қоюыңыз керек.

**НАЗАР САЛЫҢЫЗ!**

Конкурстың үшінші кезеңін өткізу кезінде ЖОО-ның студенттік өзін-өзі басқару органдары қатарынан екі бақылаушы болуы мүмкін. Бақылаушылар ЖОО-ның тәрбие жұмыстары проректорымен нормативтерді тапсыру күні тағайындалады, ол Қабылдау комиссиясының төрағасын дене даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруды басталғанға дейін хабарландырады.

Бақылаушылардың тексеру кезінде кандидаттарға келуге, емтихан қабылдаушылармен сөйлесуге, бейне және аудиотүсірілім жүргізуге, мобильді телефонды пайдалануға құқығы жоқ.

## Әскери кафедраға оқуға түсу үшін кандидаттардың психологиялық тестілеуден өту тәртібі туралы АҚПАРАТ

## ҚҰРМЕТТІ КАНДИДАТТАР!

Сіздерді күрделі сынақ күтіп тұр – психологиялық тестілеуді тапсыру.

**Психологиялық тестілеу**, ол Сіздің моральдық және іскерлік қабілеттеріңіздің әскери кәсіпке сәйкестік деңгейіңізді анықтауға бағытталған. Сонымен қатар Сіздің резервтік мүмкіндіктеріңіз және кәсіби-жеке потенциалыңыздың деңгейі анықталады.

Аталған психологиялық тестілеу компьютерде өткізіледі. Тестілеу ұзақтығы 60 мнуттан аспайды.

Тестілеу аяқталғаннан кейін дисплей экранында қорытындылар автоматты түрде шығарылады.

## НАЗАР САЛЫҢЫЗ!

**Сіздің тестілеуден ТЕК ҚАНА 1 (бір) РЕТ ӨТУГЕ МҮМКІНДІГІҢІЗ БАР**

Психологиялық тестілеуді сәтті тапсыру үшін келесі нұсқаулықтарды орындаңыз:

1. Тест өткізілетін дәрісханаға мобильді телефон, қаламсап, қарындаш әкелуге тыйым салынады.
2. Психологиялық тестілеуді өткізуге жауапты адамның түсіндірулерін мұқият тыңдаңыз. Тест өткізу барысында Сіздің сұрақ қоюға құқығыңыз бар.
3. Денсаулық жағдайыңыз нашар болса, тестілеуге қатыспаңыз. Бұл туралы психологиялық тестілеуді өткізуге жауапты адамға, сұрау кезінде алдын-ала хабарлаңыз, ол міндетті түрде тестілеу басталмас бұрын өткізіледі.
4. Тестілеуден өту үшін тестілеудің өзіңізге ыңғайлы тілін таңдаңыз – қазақ немесе орыс тілін. Психологиялық тестілеуді өткізуге жауапты адамның нұсқауы бойынша ведомостьке тиісті белгі қойыңыз.
5. Өзіңіздің жеке деректеріңізді дұрыс толтырыңыз.
6. Сұрақтарға нұсқаулықты мұқият оқу және түсінуден кейін жауап беріңіз.
7. Барынша мұқият болыңыз, себебі келесі сұраққа ауысқанда, сіздің алдыңғы сұраққа оралуға мүмкіндігіңіз болмайды.
8. Барынша шынайы жауап беріңіз, Сіздің басыңызға ең бірінші келген нақты жауапты беріңіз.
9. «Жақсы» немесе «жаман» жауаптың жоқ екенін есте сақтаңыз.

10. Тестілеу кезінде дәрісханадан шығуға, сөйлесуге, мәтінді дауыстап оқуға және түсіндіруге, ұялы телефонды және басқа да байланыс құралдарын пайдалануға, көршілек компьютердің экранына қарауға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

11. Компьютердің экранында «Қорытындыларды сақтау» кестесі пайда болған кезде, Сіз қолыңызды көтеріп, Сізге психологиялық тестілеуді өткізуге жауапты адам қорытындыларды сақтау үшін келгенше күту керек.

Егерде психологиялық тестілеуді өткізуге жауапты адам басқа да түсушілермен бос болмаса, күте тұрыңыз. Бұл ретте компьютермен қандай-да бір іс-әрекеттер жасауға (өз бетінше тестілеу қорытындысын ашуға, диалогтық терезені жабуға, компьютерді сөндіруге және т.б.) **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

12. Тестілеу қорытындысымен танысқаннан кейін, Сіз және бақылаушы қатарының өкілі ведомостьке қол қоюларыңыз қажет.

**АТАЛҒАН ТӘРТІПТІ БҰЗҒАН ЖАҒДАЙДА, СІЗ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАУДЫҢ АТАЛҒАН КЕЗЕҢІН ӨТПЕГЕН БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕСІЗ**

## ТЕСТІЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

1.Тестілеудің **«Ұсынылмаған»** нәтижесі, Сіздің іріктеудің аталған кезеңінен өтпегеніңізді және келесі кезеңге өтпейтініңізді білдіреді.

2.Егерде Сіз оң нәтиже алған жағдайда (бірінші кезекте ұсынылған, екінші кезекте ұсынылған, ұсынылған), Сіздің іріктеудің аталған кезеңінен өтпенізіді білдіреді.

## НАЗАР САЛЫҢЫЗ!

1. Психологиялық тестілеуді өткізу кезінде дәрісханаларда **студенттік өзін-өзі басқару органдары қатарынан екі бақылаушы болуы мүмкін.** Бақылаушылар ЖОО-ның тәрбие жұмыстары проректорымен нормативтерді тапсыру күні тағайындалады, ол Қабылдау комиссиясының төрағасын дене даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруды басталғанға дейін хабарландырады.

Бақылаушылардың тексеру кезінде тест тапсырушыларға келуге, түсушілер және психологтармен сөйлесуге, бейне және аудиотүсірілім жүргізуге, мобильді телефонды пайдалануға құқығы жоқ.

**Компьютерлік психологиялық тестілеудің нәтижелері апелляцияға жатпайды және түсініктеме берілмейді, себебі ол оқуға түсішінің жеке мінездемелерін сипаттайды.**